







ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИМПЛАНТТАР ОРНАТҚАН

АҚШ тұрғыны денесіне 52 технологиялық имплант орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Анастасия Син денесінде салынған чиптердің көмегімен компьютерді қосып, оның қолын аша алады. «Қызым денесіне микрочип орнатса, ойындағы қыздар сияқты компьютердің қолын аша алатынын айтып, рұқсат сұрады. Ал мен оны алдымен өзім қолданып көріп, қауіпсіз екенін анықтауым керек дедім» деп ол.

ТҮРҒЫН ҮЙ ДАҒДАРЫСЫ

Англияда жергілікті билік тұрғын үй дағдарысын еңсеру мақсатында, үйсіздердің саны шамамен 7 пайызға өскен. Манчестер баспанасыздардың саны бойынша көш басында тұр. Жергілікті қайырымдылық ұйымдары қаланың әрбір сексенінші тұрғынының тұрақты мекен-жайы жоқ деп мәлімет таратты. Бұл дағдарыс жеке сектордан пәтер жалдау ақысын да күрт өсіріп жіберді. Тұрақты жұмыс істейтін адамдардың өзі үй жалдаудан қинауды көріп отыр. Муниципалды тұрғын үйдің бағасы арзан болғанмен, оны ұзақ уақыт күту керек. Өйткені арзан баспанадан үміткерлер өте көп.

ӨЗБЕКСТАНДА ӘСКЕРІ ҰШАҚ АПАТҚА ҰШЫРАП, ЭКИПАЖ МҮШЕЛЕРІ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Өзбекстанда оқу-жаттығу ұшуын орындау кезінде әскери тікұшақ апатқа ұшырады. Барлық экипаж қаза тапты, деп хабарлайды республика Қорғаныс министрлігіне сілтеме жасаған NUR.KZ. «17 қарашада сағат 20:15-те «Қатқорған» полигонında оқу-жаттығу ұшуын орындау кезінде Әуе қорғанысы және Әуе күштері қолбасшылығының Ми-8 тікұшағы апатқа ұшырады. Апат салдарынан тікұшақ экипажы қаза тапты. Қазір апаттың себептерін анықтау үшін арнайы комиссия жұмыс істеп жатыр», - делінген. Өзбекстанның Қорғаныс министрлігінің Telegram желісіндегі хабарламасында.

ҚАРАШАДА ЖҮЗІМ ЖАПЫРАҚ ЖАЙДЫ

Испанияда қараша айында күн қатты жылып, жүзім қайта жапырақ жайды. Биыл бұл елде аптап ыстық белең алып, жүз жыл болмаған қуаныштық орын алды. Осының салдарынан қиырмадан астам елді мекенде суды пайдалануға шектеу енгізілді. Жүзім шаруашылығымен айналысатындар бұрын бұл айда жүзімнің сарғайған жапырағын кесетін еді. Енді не болары белгісіз. Испаниядағы ірі шарпа өндіруші компаниялар тығырлыққа тіреліп, өндіріс көлемін азайтты. Өйткені кейінгі үш жылда Испания бойынша 5 миллион гектардан астам жердегі егін қуаңшылықтан толық жойылып кеткен. Ал тоғандардағы су деңгейі тым төмен.

TESLA-НЫҢ ЖАҢА ӨНІМІ

Германияда бағасы шамамен 25 мың еуро тұратын Tesla-ның жаңа өнімі Model 2 электромобилі пайда болуы мүмкін. Tesla бастапқы деңгейдегі батареямен жүретін үлгіні Берлинге жақын Грюнхайде қаласындағы зауытта шығаруды жоспарлап отыр. Қазір мұнда Еуропадағы ең көп сатылатын электромобиль Model V моделі шығарылып жатыр, бірақ компания Model 2 деп аталатын жаңа көлік одан да танымал болады деп уәде беріп отыр. Көлік туралы техникалық ақпарат аз. Шығындарды айтарлықтай төмендететін бірегей өндірістік технологияларды пайдалана отырып, жаңа платформада жасалып жатқаны ғана белгілі.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі 2023 жылғы 13 қарашадағы № 607 бұйрығымен бекітілген

Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізу қағидалары

- 1-тарау. Жалпы ережелер
1. Осы Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 138-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімін жүргізушінің тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларда пайдаланатын негізгі ұғымдар Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамаларына сәйкес қолданылады.
3. Тізілім Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің (бұдан әрі – иесі) бірыңғай тізбесін жүргізу мақсатында құрылады.
4. Тізілім олар туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы барлық қажетті мәліметтерді қамтитын иелердің бірыңғай, кезең-кезеңімен нақтыланатын тізбесін білдіреді.
5. Тізілімді жүргізуді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) жүзеге асырады.
6. Тізілім өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылады.
2-тарау. Тізілімді жүргізу тәртібі
7. Тізілімді жүргізу осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша иелері ұсынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.
8. Тізілімді жүргізу мыналарды қамтиды:
1) иелері туралы мәліметтерді қалыптастыру (қосу, алып тастау);

1-қосымша

Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімі

Table with 9 columns: № п/п, Заңды немесе жеке тұлғаның атауы, БСН, ЖСН, Заңды немесе жеке тұлғаның мекенжайы, басының Т.А.Ә. (иесі), Объектінің атауы, Өнеркәсіп саласы және қызмет түрі, Қауіпті техникалық құрылымын сәйкестендіру ерекшеліктері (қысыммен жұмыс істейтін ыдыс, жұмыс ортасы), Объектінің жалпы сипаттамасы (ыдыстардың саны және көлемі, зауыттық нөмірі, аумақтық бөлімшедегі есептік нөмірі), ҚЖЫ жалпы саны, Есептік №, Зауыттық №, ҚЖЫ көлемі, Объектінің орналасқан жері (нақты мекенжайы).

Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізіліміне (нен) қосу (алу) туралы өтініш

Form fields for providing information: (Заңды немесе жеке тұлғаның атауы, БСН/ЖСН, басының Т.А.Ә.), (Газ және газбен жабдықтау туралы) Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 2-2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Сізден газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізіліміне (нен) мына (ларды) объектінің (лерді) қосуды (алып тастауды) сұрайды; (объектінің түрі) (газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы, өнеркәсіптік тұтынушы), объектінің нақты орналасқан мекенжайы); (объектінің жалпы сипаттамасы – ыдыстардың саны мен көлемі, зауыттық нөмір (дайындаушы зауыт бекіткен «Машиналар мен аспаптарға арналған тікбұрышты тақтайшалар») МЕМСТ 12971 сәйкес орындалған тақтайшада көрсетілген), аумақтық бөлімшенің (департаменттің) есептік нөмірі, сұйытылған мұнай газын сақтайтын резервуарлық парктың көлемі, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың нақты орналасқан жері – ретімен тізімделсің); («Азаматтық қорғау туралы») Қазақстан Республикасының Заңының 78-бабына сәйкес объектінің жобалық құжаттамасын аумақтық бөлімшемен

келісу туралы мәліметтер (келісу хатының № және күні)

(объектіні пайдалануға беру кезінде мемлекеттік инспектордың қатысуымен техникалық куәландыруды жүргізу туралы мәліметтер (техникалық куәландыру актісінің № және күні)

Form fields for providing additional information: (өнеркәсіп саласы және қызмет түрі), (тізілімнен шығару үшін негіз), Осы арқылы (өтініш беруші) заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін және мыналарды: 1) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабарлар екенін; 2) тұлғаға қатысты тарату, оналту немесе банкроттық рәсімдері басталмағанын, сондай-ақ оның қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағандығын растаймын. Лауазымы (қол және мөр қою орны) Т.А.Ә. Ескерту: \* объект тізілімнен шығарылатын жағдайда ғана толтырылады.

ҚР ТЖМ өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

Қазалым- қара шаңырағым

Қазалы аудан әкімінің қолдауымен Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен «Қазалы-қара шаңырағым» атты мағынаға толы дүбірлі мерекелік той өтті. Ауданның абыройын айқындайтын мәдени шараға Қызылорда облыс әкімінің орынбасары М.Шермағанбет, аудан әкімі М.Оразбаев және құрметті меймандар, ардагерлер, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары ауқымды шараның күәсі болды. Шараның шымылдығы «Мырза» халықтық ұлт-аспаптар оркестрінің және 100 домбырашының «Мерке», «Адай» күйлерін орындауымен ашылып, Ж.Мәкеналының «Қазалы вальсі» әнін мәдениет орталығының өнерпаздары орындады. Бұл шараны өткізудегі басты мақсаты - аудандық мерейтойы аясында ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, төл тарихымызды таразылап, дәстүрлі мәдениетімізді, бабаларымыздың рухты жiгерлерiн жас ұрпақтарға насихаттау. Қазалының өнерлі өлке екенін паш ету. Осы мақсатта Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен Қазалы ауданының тарихынан сыр шертетін театрландырылған қойылым ұсынылды. Қойылым барысында -ежелгі Жанкентте өмір сүрген Оғыз қыпшақтарының көсемі Қорқытты, Жанкент шаһарының сұлулықпен поктіктің үлгісі болған аңыз ана- Бегім ананы, Орта Азия мен қазақ халқына ортақ батыр болған- Жалантөс баһадүрді, жау-жүрек-Жанқожа батырды, қазақ халқының үш арысының бірі, айыр тiлдi шешен- Өйтеке би, Қазақстан мен Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі- Ғани Мұратбаев, Шығыстың бұлбұлы, қаһарман қыз-Роза Бағланова, күміс көмей әнін, қазақ елінің бұлбұлы-Мәдина Ералievаны, жергiлiктi композитор-Кенес Дүйсекеевтер туралы сахналанды. Сахналық қойылым барысында Ж.Мәкеналының «Қасиетті Қазалым»



Гүл Наз МНАЖАДИНОВА, мәдениет орталығының әдіскері

